

Адам және жануарлар үшін ортақ дерматомикоздармен күресу жөніндегі шараларды күшейту туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау министрінің 2005 жылғы 2 ақпандағы N 36, Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрінің 2005 жылғы 7 ақпандағы N 108 Бірлескен бұйрығы. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде 2005 жылғы 4 наурызда тіркелді. Тіркеу N 3474. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2010 жылғы 30 маусымдағы № 484, Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрінің 2010 жылғы 19 шілдедегі № 454 Бірлескен бұйрығымен

Күші жойылды - ҚР Денсаулық сақтау министрінің 2010.06.30 № 484, ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 2010.07.19 № 454 (мемлекеттік органдардың басшыларының соңғысы қол қойған күнінен бастап күшіне енеді) Бірлескен бұйрығымен.

"Халықтың санитарлық-эпидемиологиялық салауаттылығы туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 7-бабы 10) тармақшасына және "Ветеринария туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 8-бабы 5) тармақшасына сәйкес **БҰЙЫРАМЫЗ:**

1. Қоса беріліп отырған "Дерматомикоздардың алдын алу және олармен күресу жөніндегі іс-шараларды өткізу жөніндегі" ветеринарлық-санитарлық және санитарлық-эпидемиологиялық ережелер мен нормалар бекітілсін.

2. Облыстардың, Астана, Алматы қалаларының денсаулық сақтау басқармаларының (департаменттерінің) басшылары (келісім бойынша):

1) дерматомикоздармен ауыратындарды уақтылы зертханалық диагностикалауды (микроскопиялық және мәдени), ауруханаға жатқызуды, емдеу мен диспансерлік қадағалауды қамтамасыз етсін;

2) тері-венерологиялық бейінді медициналық ұйымдарда дерматомикоздармен ауыратындарды және түпкілікті диагнозы қойылғаннан кейін контактіде болғандарды уақтылы анықтасын;

3) белгіленген контингенттерді дерматомикоздарға міндетті медициналық қарауды жүргізсін;

4) тері-венерологиялық бейінді медициналық ұйымдарда дерматомикоздардың ошақтарындағы ағымдағы дезинфекцияны, дезинфекциялық-зарарсыздандыру іс-шараларын уақтылы жүргізуді қамтамасыз етсін.

3. Облыстардың, Астана, Алматы қалалары денсаулық сақтау басқармаларының (департаменттерінің), мемлекеттік санитарлық-эпидемиологиялық қадағалау, санитарлық-эпидемиологиялық сараптама орталықтарының басшылары, бас мемлекеттік ветеринарлық инспекторлары :

1) халықтың және жануарлардың дерматомикоздармен науқастануының алдын алу жөніндегі 2005-2007 жылдарға арналған профилактикалық іс-шаралардың кешенді бірлескен жоспарларын әзірлесін;

2) эпидемиологиялық және эпизоотологиялық ахуалға сәйкес адам мен жануарлар үшін ортақ дерматомикоздардың алдын алу және оған қарсы күрес жөніндегі іс-шаралар мен науқастану жағдайлары туралы мәселелерді жергілікті атқарушы органдардың, денсаулық сақтау және ветеринария басқармаларының (департаменттерінің) алқасына қарауға ұсынуды қамтамасыз етсін;

3) кадрларды даярлау мен қызметті үйлестіру мақсатында адам мен жануарлар үшін ортақ дерматомикоздардың мәселелері жөнінде тұрақты бірлескен семинарлар, конференциялар өткізсін;

4) адам мен жануарлар үшін ортақ дерматомикоздардың алдын алу жөнінде халықтың арасында санитарлық-ағарту жұмыстарын қамтамасыз етсін.

4. Облыстардың, Астана, Алматы қалалары мемлекеттік санитарлық-эпидемиологиялық қадағалау басқармаларының (департаменттерінің) басшылары :

1) емдеу-алдын алу және санитарлық-індетке қарсы (профилактикалық) іс-шаралардың орындалуын, дерматомикоздармен ауыратындарға шұғыл хабарламаларды уақтылы беруге, оларды госпитальге жатқызуға, контактіде болғандардың, декреттелген контингенттердің медициналық қараумен толық қамтылуын, диспансерленуін бақылауды күшейтсін;

2) аумақтарды әр түрлі қоқыстардан тазалау, қоқыстар орындарын ретке келтіру, үйлердің жертөле үй-жайларын мерзімдік тазалау жөніндегі іс-шараларды жүргізу жөніндегі коммуналдық қызметтің жұмысын мемлекеттік санитарлық-эпидемиологиялық қадағалауды жүзеге асырсын;

3) дерматомикоздардың алдын алуға бағытталған халыққа санитарлық-гигиеналық қызмет көрсету объектілерін (моншаларды, кір жууларды, шаштараздарды және басқаларды), жатақханаларды, мектептерді ағымдағы мемлекеттік санитарлық-эпидемиологиялық қадағалауды қамтамасыз етсін ;

4) микологиялық кабинеттердегі және тері-венерологиялық бейіндегі

стационарлардағы дезинфекциялық және зарарсыздандыру іс-шараларын
бақылауды жүргізсін.

5. Облыстардың, Астана, Алматы қалаларының бас мемлекеттік ветеринарлық инспекторлары:

- 1) жануарлардағы дерматомикоздармен күресу жөніндегі іс-шараларды күшейту жөнінде шаралар қабылдасын;
- 2) дерматомикоздармен ауыратындар анықталған жерлерде мысықтар мен иттерді дерматомикоздарға тексеруді ұйымдастырсын;
- 3) ветеринарлық зертханалар мен ұйымдарда мысықтар мен иттердегі люминесценттік диагностика мен микроспорияны емдеуді жүргізсін;
- 4) дерматомикоздардың алдын алу мақсатында ауыл шаруашылығы жануарларын жоспарлы вакциналау жүргізуді қамтамасыз етсін.

6. Облыстардың, Астана, Алматы қалаларының мемлекеттік санитарлық-эпидемиологиялық қадағалау басқармаларының (департаменттерінің) басшылары, бас мемлекеттік ветеринарлық инспекторлары:

- 1) дерматомикоздардың ошақтарында санитарлық-індетке қарсы (профилактикалық) және эпизоотияға қарсы іс-шараларды уақтылы жүргізу үшін халықтың және жануарлардың арасында дерматомикоз ауруы жөніндегі ақпаратты өзара тұрақты алмасуды қамтамасыз етсін;
- 2) үй жануарларды ұстауды реттеу, оларды ветеринарлық есепке алу мен тіркеу, босқын иттер мен мысықтарды жою жөнінде шаралар қабылдасын;
- 3) "Жұқпалы аурулардың ошақтарын эпидемиологиялық тексеру картасын" (N 357/у нысан) толтыра отырып, адам мен жануарлар үшін ортақ дерматомикоздар ауруларының ошақтарын уақтылы тексерсін және дерматомикоздар ошақтарында санитарлық-індетке қарсы (профилактикалық) және эпизоотияға қарсы іс-шараларды жүргізу жоспарын жасасын;
- 4) осы бұйрықты орындау жөніндегі есепті жыл сайын 20 қаңтарға дейін Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігі Мемлекеттік санитарлық-эпидемиологиялық қадағалау комитетіне ұсынсын.

7. Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің "Тері-венерологиялық ғылыми-зерттеу институты" республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны:

- 1) денсаулық сақтау ұйымдарына адам мен жануарлар үшін ортақ дерматомикоздардың клиникасы, диагностикасы, емдеу және алдын алу мәселелері бойынша әдістемелік және ғылыми-практикалық көмек көрсетсін;
- 2) дерматомикоздардың диагностикасы, клиникасы, емдеу және алдын алу

жөніндегі әдістемелік ұсынымдарды әзірлесін және 2005 жылғы 30 қыркүйекке дейінгі мерзімде Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігі Мемлекеттік санитарлық-эпидемиологиялық қадағалау комитетіне бекіту үшін
ұ с ы н с ы н .

8. Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің "Тері-венерологиялық ғылыми-зерттеу институты" еншілес мемлекеттік кәсіпорны және "Ветеринариядағы мониторинг, референция, зертханалық диагностика және методология" мемлекеттік мекемесі:

1) ветеринарлық қадағалау ұйымдарына адам мен жануарлар үшін ортақ дерматомикоздардың диагностикасы, клиникасы, емдеу және алдын алу мәселелері жөніндегі ветеринарлық қадағалауды ұйымдастыру әдістемелік және ғылыми-практикалық көмек көрсетсін;

2) адам мен жануарлар үшін ортақ дерматомикоздардың алдын алу мен емдеудің тиімді әдістерін әзірлеу жөніндегі ғылыми зерттеулерді жетілдірсін;

3) ауыл шаруашылығы жануарлары, иттер мен мысықтар дерматомикоздарын диагностикалау әдістерін жетілдірсін.

9. Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің "Салауатты өмір салтын қалыптастыру проблемаларының ұлттық орталығы" республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны дерматомикоздардың алдын алу жөніндегі санитарлық-ағарту материалдарды әзірлеу мен шығаруды қамтамасыз етсін.

10. Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау министрлігінің Мемлекеттік санитарлық-эпидемиологиялық қадағалау комитеті (Байсеркин Б.С.) осы бұйрықты Қазақстан Республикасының Әділет министрлігіне мемлекеттік тіркеуге жіберсін.

11. Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің Әкімшілік департаменті (Акрачкова Д.В.) осы бұйрықтың Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелгенінен кейін оның ресми жариялануын қамтамасыз етсін.

12. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау вице-министрі, Бас мемлекеттік санитарлық дәрігері А.А. Белоногқа және Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі Ветеринария департаменті директоры, Бас мемлекеттік ветеринарлық инспекторы А.А. Қожамұратовқа жүктелсін.

13. Осы бұйрық ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Денсаулық сақтау министрі

Қазақстан Республикасы

Д е н с а у л ы қ с а қ т а у

М И Н И С Т Р І Н І Ц

2005 ЖЫЛҒЫ 2 АҚПАНДАҒЫ N 36,

Қазақстан Республикасы

А у ы л ш а р у а ш ы л ы ғ ы

М И Н И С Т Р І Н І Ц

2005 ЖЫЛҒЫ 7 ақпандағы N 108

б і р л е с к е н б ұ й р ы ғ ы м е н

бекітілген

Дерматомикоздардың алдын алу және оларға қарсы күрес бойынша іс-шараларды өткізу жөніндегі ветеринарлық-санитарлық және санитарлық-эпидемиологиялық ережелер мен нормалар 1. Жалпы ережелер

1. Осы дерматомикоздардың алдын алу және оларға қарсы күрес жөніндегі ветеринарлық-санитарлық және санитарлық-эпидемиологиялық ережелер мен нормалар (бұдан әрі - Ереже) меншік және Ұйымдастыру-құқықтық нысанына қарамастан, қызметі дерматомикоздар қоздырғыштарының көздерімен немесе олардың берілу факторларымен, сондай-ақ дерматомикоздардың қоздырғыштарына қарсы санитарлық-індетке қарсы (профилактикалық) және эпизоотияға қарсы іс-шараларды ұйымдастырумен байланысты жеке және заңды тұлғаларға арналған.

2. Ереже дерматомикоздардың пайда болуы мен таралуының алдын алуға бағытталған санитарлық-індетке қарсы (профилактикалық) және эпизоотияға қарсы іс-шаралар кешенін айқындайды.

3. Осы Ережеде мынадай терминдер мен анықтамалар пайдаланылады:
Дерматомикоздар (грибок аурулары) - микроскопия, трихофития, фавус - жоғары контагиозды дәрежеге ие дерматофиттер - микроскопиялық грибоктардан туындайтын адам мен жануарлардың жұқпалы аурулары. Жұқпалардың негізгі көздері адам мен жануар болып табылады. Дерматофиттер теріні және оның қосалқыларын (шаш, тырнақ) зақымдайды.

2. Емдеу-профилактикалық іс-шаралар

4. Грибок аурулары кезіндегі емдеу-профилактикалық іс-шараларға ұйымдастыру-әдістемелік басшылық етуді және оларды басқа ұйымдармен үйлестіруді тері-венерология диспансерлері, ауруханалардағы тиісті бөлімшелер немесе емханалардағы кабинеттер жүзеге асыруға тиіс. Бұл жұмыс дерматомикоздардың алдын алу және оларға қарсы күрес жөніндегі кешенді жоспарларға сәйкес тиісті аумақтардағы мемлекеттік санитарлық-эпидемиологиялық қызмет органдарымен және басқа да мүдделі ведомстволармен бірлесіп жүргізілуге тиіс.

5. Тері-венерология диспансерлері (кабинет, бөлімше) мынадай іс-шараларды жүзеге асыруға тиіс:

1) грибок ауруларымен ауыратындарды есепке алу: олар қызмет көрсететін аумақтарда тұратын грибок ауруларымен ауыратындарға грибок ауруымен ауыратындардың медициналық карталары (N 65-1/у) толтыру керек; оларға консультацияға барған, алайда басқа медициналық ұйымда емделген науқастарға амбулаторлық науқастардың жеке карталары (N 025/у нысаны) толтырылады; тікелей қызмет көрсететін аумақтан тыс тұратын науқастарға - диспансерлік қадағалаудың бақылау карталары (N 030/у нысаны) толтырылады;

2) өмірде алғашқы рет трихофития, микроскопия, фавус ауруы диагнозы қойылған барлық жағдайларға N 089/у нысаны бойынша хабарлама жасалады да, қалалық/облыстық тері-венерология диспансеріне жөнелтіледі. Сонымен қатар N 085/у нысаны бойынша шұғыл хабарлама жасалады және 12 сағаттың ішінде тиісті аумақтың мемлекеттік санитарлық-эпидемиологиялық қызмет органына жіберіледі;

3) дерматомикоздарды жұқтыру көздерін анықтап, ауырғандардың, контактіде болғандардың барлық отбасы мүшелерін медициналық қарауды қамтамасыз ету керек. Аптасына бір рет жиілікпен бір айдың ішінде дерматомикоздар ошақтарында контактіде болғандарды медициналық қадағалауды жүргізу керек;

4) отбасында ауырған баланы күтетін адамдар болмаған, дезинфекциялық режимді қажеттігі туралы дерматологтың немесе эпидемиологтың нұсқауларын орындамаған кезде, балалар ұжымдарындағы, жатақханалардағы, әлеуметтік қолайсыз отбасылардағы басының шаш бөлігі зақымдалған немесе дерматомикоздардың көптеген ошақтары бар дерматомикозбен ауыратындарды уақтылы госпитальге жатқызу қамтамасыз етіледі;

5) 10-15 күн аралықпен бір ай емделгеннен кейін екі бақылау зертханалық зерттей отырып, дерматомикоздармен ауыратындарды диспансерлік қадағалауды жүргізу керек.

Зертханалық бақылаудың теріс нәтижелерін алғаннан кейін ұйымдастырылған балалар ұжымдарына баруға болады;

6) микоздарды тірі өсінділері арқылы диагностикалау үшін зертханаға грибоктың патологиялық материалдарын жіберуді қамтамасыз ету керек;

7) дерматомикоздардың ошақтарында ағымдағы дезинфекцияны жүргізуді қамтамасыз және қорытынды дезинфекцияны жүргізуге өтініш жасау керек;

8) балалар ұйымдарында балаларды грибок ауруларының болуына медициналық қарауды жүргізуде дәрігерлерге әдістемелік басшылық етуді және көмек көрсетуді қамтамасыз ету керек;

9) олар жануарлардағы дерматомикоздар ошақтарына санациялау жөніндегі тиісті шараларды қабылдау үшін барлық адамдардың жануарлардан жұқтыру жағдайлары туралы ветеринарлық қадағалау органдарына хабарлауға тиіс;

10) науқастармен және басқа да контингенттермен (халыққа санитарлық-гигиеналық қызмет көрсету объектілерінің қызметкерлері, мектептердің, мектепке дейінгі және басқа да ұйымдардың персоналы) жеке бас гигиенасы және дерматомикоздардың ошақтарында дезинфекциялық іс-шараларды жүргізу мәселелері жөнінде санитарлық-ағарту жұмысын жүргізу к е р е к ;

11) мектептердің, мектепке дейінгі және басқа да ұйымдардың медициналық қызметкерлерімен семинарлар ұйымдастырылуға тиіс.

6. Дерматомикоздарға міндетті медициналық қарауға мыналар жатады:

1) мектепке дейінгі ұйымдарға баратын балалар - келген кезде, бұдан әрі - а й с а й ы н ;

2) емдеу-сауықтыру ұйымдарына, лагерлерге демалуға және емделуге жіберілетін б а л а л а р ;

3) жалпы білім беру мектептерінің, мектеп-интернаттарының оқушылары, колледждердің, жоғары оқу орындарының студенттері - әрбір каникулдан кейін а л ғ а ш қ ы 1 0 күн і ш і н д е ;

4) декреттелген контингенттер - жұмысқа қабылданған кезде, бұдан әрі - ж ы л ы н а б і р р е т ;

5) амбулаторлық және стационарлық науқастың жеке картасында қарауды жүргізу және оның нәтижелері туралы белгі қоя отырып, амбулаторлық науқастар емханаға әрбір қабылдау кезінде, стационарлық - келіп түскен кезде;

6) спортшылар - жылына бір рет;

7) бассейндерге барушы адамдар - келіп түскен кезде.

7. Грибок ауруларының ошақтарында контактіде болған балаларды ұйымдастырылған ұжымдарға қабылдауға немесе бір топтан екінші топқа ауыстыруға болмайды.

3. Санитарлық-індетке қарсы (профилактикалық) іс-шаралар

8. Тиісті аумақтардағы мемлекеттік санитарлық-эпидемиологиялық қызмет органдары мынадай іс-шараларды жүзеге асыруға тиіс:

1) адамдардың дерматомикоздарды жұқтыру жағдайлары тіркелген кезде санитарлық-індетке қарсы (профилактикалық) іс-шараларды уақтылы жүргізуді қ а м т а м а с ы з е т у д і ;

2) ұйымдастырылған ұжымдарда аурулар жағдайы тіркелген кезде дерматомикоздардың ошақтарында эпидемиологиялық тексеру жүргізуді;

3) дерматомикоздармен ауыратындарға медициналық ұйымдар шұғыл хабарламаны уақтылы беруіне бақылау жасауды, науқастарды госпитальге жатқызуды, белгіленген контингенттерді медициналық қарауды жүргізуді және т о л ы қ қ а м т у д ы ;

4) микробиологиялық зерттеу үшін эпидемиологиялық айғақтар бойынша шаштараздардан материал (машинкаларынан, киім-кешектерден, тарақтардан, қайшылардан, ұстара аспаптарынан, бас сүйегіштен және басқа да аспаптардан, сондай-ақ шебердің қолынан алынған жағындылар) алуды және жеткізуді;

5) үйде ем алған науқас балалардың пәтердегі басқа адамдармен қарым-қатынас жасауына, моншаға, бассейнге және шаштаразға толық а й ы қ қ а н ш а б а р у ы н а б о л м а ы д ы ;

6) дерматомикоздардың алдын алу жөніндегі санитарлық-ағарту жұмыстары жүргізіледі.

4. Дезинфекциялық іс-шаралар

9. Әрбір дерматомикоздар жағдайында ағымдағы және қорытынды дезинфекция жүргізілуге тиіс.

10. Дерматомикоздардың үйдегі ошақтарында ағымдағы дезинфекцияны госпитальге жатқызғанға, айыққанға немесе диагнозды қайта қойғанға дейін тері-венерология бейініндегі медициналық ұйымның медицина қызметкерінің басшылығымен науқастардың өздері немесе оны күтуші жүргізуге тиіс.

11. Айналасындағылардан барынша оқшаулау мақсатында науқасқа жекелеген бөлме немесе оның бір бөлігі бөлінеді, науқас жеке төсек орынмен және күту

заттарымен (тарақ, сабын, жөке, кеуек, киім тазалайтын масуақ, жуынуға арналған шылапшын, қайшы, шұлық, аяқ киім) қамтамасыз етілуге тиіс. Науқас пайдаланатын сыртқы киімді, бас киімді және заттарды сақтау үшін отбасының сау мүшелерінің заттарын сақтауға арналған орнынан бөлек орын берілуге тиіс. Науқастың кір киім-кешегін дезинфекциялауға дейін жинау және сақтау олармен тұратын басқа адамдардың киім-кешектерінен бөлек жүргізілуге тиіс. Киім-кешекті кір жууға тапсыруға болмайды. Бөлмеде тез жуылатын, тазаланатын және дезинфекцияланатын тиісті заттар қалдырылуға тиіс.

12. Емдеу кезінде бастың шаш бөлігі зақымдалған кезде науқас басына тығыз киілген ақ қорғаныш қалпағын немесе бастың шаш бөлігін тегіс жабатын, тез жуылатын матадан тігілген орамал киюге тиіс.

13. Мемлекеттік санитарлық-эпидемиологиялық қызмет органдарының дезинфекциялық бөлімшелері ағымдағы дезинфекцияның сапасын бақылауды, тиісті аумақтардағы санитарлық-эпидемиологиялық сараптама орталықтары дерматологтардың, учаскелік дәрігерлердің немесе паразитологтардың (эпидемиологтардың) өтінімдері бойынша науқасты оқшаулау сәтінен бастап барлық микроскопия, трихофития және фавус ошақтарында қорытынды дезинфекцияны жүзеге асыруға тиіс.

14. Дерматомикоздар кезіндегі дезинфекциялау әдістері мен құралдары осы Ережеге қосымшада келтірілген.

15. Ошақтардағы зарарсыздандыру әдістері (Қазақстан Республикасында қолдануға рұқсат берілген дезинфекциялаушы құралдарды қолдануға рұқсат етіледі) :

1) үй-жайлар, тұрмыстық заттар бір шаршы метрге 150-200 миллилитр есебінен дезинфекциялаушы құралмен сүртілуге немесе сулануға тиіс;

2) науқастарды күту заттары дезинфекциялаушы ерітіндіге батырылады немесе дезинфекциялаушы ерітіндімен сүртілуге тиіс. Дезинфекция аяқталғаннан кейін мұқият сумен жуылуға тиіс;

3) киім-кешектер (төсектік, киетін), сүлгілер, орамалдар, халаттар, шұлықтар, буып-таңу материалы бір килограмм кептірілген киім-кешекке төрт литр есебінен дезинфекциялаушы ерітіндіге батырылуға тиіс. Дезинфекция аяқталғаннан кейін киім-кешек жуылуға және шайылуға тиіс;

4) төсек керек-жарақтары, сыртқы киім, аң терісінен жасалған бас киімдер, кілемдер, кітаптар, жұмсақ ойыншықтар камералық дезинфекциялануға тиіс;

5) аяқ киім, былғары қолғаптар камералық дезинфекциялануға тиіс; ағымдағы

дезинфекция кезінде ішкі жағы 25% формалин ерітіндісімен немесе 40% сірке қышқылымен толығымен суланғанша өңделуге тиіс полиэтилен пакетіне екі тәулікке салуға тиіс, содан кейін препараттың иісі кеткенше 10-12 сағат ішінде алынуға және желдетілуге тиіс.

16. Микологич кабинеттерінде және стационарларда өткізілетін дерматомикоздар кезіндегі дезинфекциялық іс-шаралар:

1) қарау кабинетінде, қабылдау бөлмесінде әрбір науқасты қарағаннан кейін барлық заттар, соның ішінде науқас жанасқан күту бойынша сулы заттар режим бойынша дезинфекцияланады;

2) стационарға келіп түскен кезінде науқастың киімі мен басқа да жеке заттары дезинфекциялық камераға зарарсыздандыру үшін жіберілуі тиіс, содан кейін бұл заттар науқас шыққанға дейін киім ілгіштерде немесе сөрелерде тысқапта сақталуға тиіс;

3) науқастың киім-кешектерін (төсектік, ішкі, сүлгілері, шұлықтары), сондай-ақ персоналдың халаттары мен түлгілері арнайы бакта, целлофан немесе клеенка қапта кір киімдерге арналған оқшауланған үй-жайда жинақталуға тиіс және аурухана кір жууына зарарсыздандыру мен жуу үшін тапсырылады. Бұл жұмыс кезінде персонал екінші халатты, резеңке қолғапты, дәкеден жасалған масканы немесе респираторды киюге тиіс, олар пайдаланылғаннан кейін дезинфекциялануға тиіс. Киім-кешектерді тасымалдауға арналған қаптарды зарарсыздандыру мен жуудың тәртібі киімдікіндей болады;

4) қабылдау бөлімшесінде науқастар жуынуға арналған жөкелер әрбір пайдаланылғаннан кейін қайнатылып немесе дезинфекциялаушы ерітіндімен зарарсыздандырылуға тиіс және таза жөкелердің таңбаланған ыдысында болуға тиіс; ванналар әрбір науқас жуынғаннан кейін дезинфекциялаушы құрал ерітінділерімен зарарсыздандырылуға тиіс;

5) науқас балаларға тек оңай жуылатын және тез зарарсыздандырылатын ойыншықтарды ғана (пластмассалы, резеңке) пайдалануға рұқсат етілуі тиіс;

6) пайдаланылған буып-таңу материалы (бинттер, мақталар, дәке тампондар, салфеткалар), сондай-ақ грибоктық патологиялық материал (шаш талдары, тырнақ, тері сыпырындылары) қайнату, автоклавтау арқылы немесе дезинфекциялаушы құралдар ерітінділерінде зарарсыздандырылуға тиіс;

7) патологиялық материалы болған зат шынылар пайдаланылғаннан кейін 15 минут бойы 1 сабын-сода ерітіндісінде немесе дезинфекциялаушы құралдар ерітінділеріне батырылып зарарсыздандырылуға тиіс;

8) құрал-сайман және жұмыс үстелдері ауысымның аяғында дезинфекциялаушы ерітіндіге салынған шүберекпен сүртілуге тиіс;

9) үй-жайлар мен жиһаздар (соның ішінде кушеткалар, медициналық

шкафтардың сөрелері және тағы сол сияқты) әрбір ауыстырғаннан кейін сабынмен, содамен және басқа да жуу құралдарымен сулап тазаланады;

10) рентген кабинеттерінде басқа салатын жастықтар дезинфекциялаушы құралдар ерітінділерімен зарарсыздандырылатын тысқаппен қапталуға тиіс;

11) тазалау мүккәммалы қайнату немесе дезинфекциялаушы құралдармен зарарсыздандырылуға тиіс;

12) төсек керек-жарақтары (жастықтар, матрацтар, көрпелер және басқалар) әрбір науқас шығарылғаннан кейін дезинфекциялаушы камераларда зарарсыздандырылуға тиіс;

13) науқастың туысқандарына оның зарарсыздандырылмаған заттарын беруге рұқсат етілмеуге тиіс;

14) пайдаланылған медициналық және зертханалық құрал-саймандар (металдан, пластмассадан, шыныдан, резеңкеден, полиметрлік материалдардан жасалған) дезинфекциялаушы ерітінділермен зарарсыздандырылуға тиіс.

5. Ветеринарлық-санитарлық іс-шаралар

17. Аурулардың клиникалық белгілері мен зертханалық зерттеулердің нәтижелері шаруашылық субъектілер жануарларының дерматомикоздар бойынша қолайсыздығына күдіктену үшін негіз болып табылады.

18. Аумақтық зертханада ауру жануарларда анықталған грибок ауруларының клиникалық белгілерін растау мақсатында жануарлардан алынған патологиялық материалдардың жіберілген үлгілерін зертханалық зерттеу жүргізілуге тиіс.

19. Дерматомикоздарға зертханалық зерттеулер мынадай екі бағыт бойынша жүргізілуге тиіс:

1) шаштың талшықтарын, зақымдалған терінің бөлігін ұлғайту арқылы (40 объектив) микроскоптың қараңғы аясындағы микроскопия;

2) сусло-агары немесе пептонды глицеринді ет агары бар 10-20 пробиркадан коректік орталары бар пробиркаларда шаш пен терінің зақымдалған элементтерін себу, ал плюс 26-28 Цельсий градус температурадағы термостатта өскеннен 14-21 күн өткеннен кейін ұлғайту арқылы (200 объектив) олардың микроскопиясы жүргізілуге тиіс.

20. Ауданның (қаланың) Бас ветеринарлық инспекторының ұсынымы бойынша зертханалық зерттеулермен расталған жануарлардағы дерматомикоздар жағдайларын анықтаған кезде жергілікті атқарушы органның шешімімен шаруашылық жүргізу субъектісіне шектеу іс-шаралары тапсырылуға тиіс, бұл

р е т т е

м ы н а л а р ғ а :

1) жануарларды өсіп өндіру, халыққа сату мақсатында әкетуге. Жануарларды жемдеу үшін әкету науқас жануарлар отарының соңғы рет айыққан жағдайынан 30 күннен кейін облыстың (өңірдің, республиканың) шегінде ғана, вакциналау мен қорытынды ветеринарлық-санитарлық іс-шараларды жүргізуге рұқсат етілуі т и і с ;

2) оның аумағында шаруашылық жүргізу субъектісі орналасқан аумақта ауылдық округтың (ауданның, қаланың) ветеринарлық инспекторысыз жануарларды қайта топқа бөлуге;

3) дерматомикоздармен ауыратын жануарлар жайылған жайылымдарда вакцина жасалмаған жануарлардың жайылуына жол берілмеу керек.

21. Қызметтік ит асырау жерлерінде және аң шаруашылықтарында клиникалық ауру және ауру бойынша күдікті жануарлар оқшаулануға, дерматомикоздарға қарсы биопрепараттардың терапиялық дозаларымен емделуге , ал саулары вакциналануға тиіс.

22. Жануарлардың дерматомикоздармен ауруына жол бермеу мақсатында барлық өсіп келе жатқан малдар (1-ден 4 айға дейінгі) дерматомикоздарға қарсы биопрепараттардың профилактикалық дозаларымен егілуге тиіс.

23. Отарда дерматомикоздардың клиникасы бар жануарлар табылған жағдайда , оларға жұқпаға қарсы биопрепараттардың терапиялық дозасы енгізілуге тиіс. Айыққаннан кейін жануарлардың терісі 1,5% ащы натр ерітіндісімен немесе 2% креолинмен сүртілуге тиіс.

24. Адамдардың жануарлардан дерматомикоздарды жұқтырған жағдайлары тіркелген кезде эпизоотияға қарсы іс-шаралар кешенін (ауру жануарлар тұрған үй-жайларды дезинфекциялау, босқын жануарларды жүйелі түрде аулау және жою, мал шаруашылығы үй-жайларында, фермалардың аумақтарында, жем сақтау орындарында кеміргіштерді жою) уактылы жүргізуді қамтамасыз ету к е р е к .

25. Шаруашылық жүргізуші субъект клиникалық ауру жануарының соңғы рет ауырған жағдайынан және қорытынды дезинфекция жүргізілгеннен 60 күннен кейін қолайлы деп есептелуге тиіс. Иммундалған сау жануарларды союға оларға вакцина жасағаннан 10 тәуліктен кейін рұқсат етілуге тиіс.

Дерматомикоздардың алдын алу және оларға қарсы күрес бойынша

іс-шараларды өткізу жөніндегі
ветеринарлық-санитарлық және
санитарлық-эпидемиологиялық

ережелер мен нормаларға қосымша

**Дерматомикоздар кезіндегі дезинфекциялау
әдістері мен құралдары**

№	Атауы	Зарарсыз- дандыру құралы	Қорытынды дезинфекция- лау		Ағымдағы дезинфек- циялау		Зарарсыз- дандыру әдістері
			Кон- цен- тра- циясы (%)	Зарар- сыз- дан- дыру уақы- ты, минут- пен	Кон- цен- тра- циясы (%)	Зарар- сыз- дан- дыру уақы- ты, минут- пен	
1	2	3	4	5	6	7	8
1.	Медицина- лық және зертхана- лық құ- рал-сай- мандар (шыныдан, металдан, пластмас- садан, резеңке- ден жа- салған)	Дезапрев Деохлор Лизетол Пресепт Септокаль Хлорамин	4 , 0 0 , 2 2 , 0 0 , 1 1 2 0 , 5 5,0	1 5 3 0 6 0 6 0 6 0 180	Қорытынды дезинфекциялау сияқты		Жабық шыны, пластмасса ыдыстағы дезинфек- циялаушы ерітіндіге толығымен батырылады
2.	Үй-жай- лар , жиһаздары	Дезапрев Деохлор Пресепт Септабик Септокаль Хлорамин	2 , 0 0 , 1 0 , 0 5 6 0 , 5 0 , 5 5,0	3 0 3 0 6 0 6 0 6 0 60	Қорытынды дезинфекциялау сияқты		Дезинфек- циялаушы ерітіндімен сүртіліп немесе себіліп, соңынан бөлме тазаланып және желдеті- леді
	Төсектік және киетін киім- кешектер, сүлгі, буып-таңу	Дезапрев Деохлор Дюльбак Пресепт Септабик Септокаль	1 , 0 0 , 2 3 , 0 0 , 0 5 6	6 0 1 2 0 6 0 1 2 0 6 0			Б і р килограмм киім-кешек- ке төрт литр есебінен дезинфек-

3.	материалдары, халаттар, шұлықтар, персоналдың арнайы киімі	Хлорамин 2 % сабын-сод ерітіндісі	0 , 5 0 , 5 5 , 0 қайна-ту	1 2 0 1 8 0 30	Қорытынды дезинфекциялау сияқты	циялаушы ерітіндінің бір түріне батырылып зарарсыздандырылады
4.	Төсек керек жарақтары (матрацтар, көрпелер, жастықтар), жұмсақ ойыншықтар		Дезинфекциялаушы камераларда зарарсыздандырылады		Пароформалиндық тәсілмен	
5.	Ойыншықтар	Дезапрев Дюльбак Пресепт Септокаль Хлорамин	1 , 0 2 , 0 0,112 0 , 5 5,0	6 0 9 0 6 0 6 0 180	Мектепке дейінгі мекемелердің карантиндік топтарында ойыншықтар дезинфекциялаушы ерітіндіге батырылып, содан кейін сабынды жылы сумен жуылуға және шайылуға тиіс	Дезинфекциялаушы ерітіндінің бір түріне батырылады
6.	Наукасты күту заттары (тарақтар, щеткалар, қайшылар, губкалар және басқалары)	Дезапрев Деохлор Дюльбак Клорсепт Пресепт Септабик Септокаль Хлорамин	1 , 0 0 , 1 3 , 0 0 , 2 0,112 0 , 5 0 , 2 5,0	6 0 3 0 6 0 6 0 6 0 6 0 6 0 60	Қорытынды дезинфекциялау сияқты	Дезинфекциялаушы ерітіндімен сүртіліп немесе дезинфекциялаушы ерітіндіге батырылады
7.	Аяқ киім, былғары қолғаптар		Камералық дезинфекцияға түседі		25% формалин ерітіндісі, 40% сірке қышқылы	Ішкі жағынан сүртіліп, екі тәулікке полиэтилендік пакетіне салынады. 12 сағат

						ішінде желдетілуі тиіс
8.	Санитар- лық-тех- никалық заттар	Дезапрев Дюльбак Клорсепт Пресепт Септокаль	1,0 5,0 0,1 0,112 0,5	6 0 5 6 0 1 2 0 60	Қорытынды дезинфекциялау сияқты	Дезинфек- циялаушы ерітіндімен сүртіліп немесе дезинфек- циялаушы ерітіндіге батырылады

Ескерту : Қазақстан Республикасында қолдануға рұқсат берілген дезинфекциялаушы құралдарды қолдануға рұқсат етіледі.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК